

Жергілікті ауқымдағы техногенді сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Тұпқараған ауданы әкімінің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 5 шешімі. Күші жойылды -Маңғыстау облысы Тұпқараған ауданы әкімінің 24 қаңтардағы 2025 жылғы № 1 шешімімен.

Ескеरту. Күші жойылды -Маңғыстау облысы Тұпқараған ауданы әкімінің 24.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 33-бабының 1-тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50- бабының 2-тармағы 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" бұйрығына, 2024 жылғы 25 желтоқсандағы Тұпқараған ауданының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиясының кезектен тыс отырысының хаттамасына сәйкес, Тұпқараған ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2024 жылы 25 желтоқсанда Ақтау қаласы әуежайының ауданында "Эмбрайр190" (АНУ8243 Баку-Грозный) ұшағының апартты құлауына байланысты , Маңғыстау облысы Тұпқараған ауданында жергілікті ауқымдағы техногенді сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Тұпқараған ауданы әкімінің орынбасары Д.Жантуаров техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып тағайындалсын және оған техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

E.Kұмісқалиев